ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 12 қаңтар №5265-25-00-2/4629 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты С.Сейтжанұлының төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер «GREENLINE VIVA» атынан Балнұр Үсенқызы Есенбекова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «GREENLINE VIVA» атынан Балнұр Үсенқызы Есенбекова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «GREENLINE VIVA» атынан Балнұр Үсенқызы Есенбековадан мемлекеттің пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою жайлы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін 1 (бір) ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С.Сейтжанұлы**

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 12.01.2026

Заңды күшіне енген күні: 25.02.2026, судья Сейтжанұлы С., 26.02.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -